

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Ортағасырлық Жібек жолының маңызы мынандай: бірінші, отырықшы және көшпелі мәдениет бірін-бірі байытты, екінші, қала саны артты, үшінші, сыртқы байланыс дамыды, төртінші, сауда-саттық кеңейді. Сондай-ақ, Жібек жолы бойындағы елдердің әдебиеті мен өнері бір-біріне әсер етіп, өзара байыды. Жібек жолы Қазақстан мен Орта Азияда мәдени-экономикалық жағдайдың өрлеуіне ықпал етті. Жалпы, Жібек жолымен 2000 жылдан астам уақыт бойы сауда керендер жүрген. Жібек жолымен шығыстан будда, батыстан христиан діні таралған. Жібек жолы сауда жолы ғана емес, көшпелі, отырықшы халықтар мәдениетінің даму, таралу жолы болды. Ұлы Жібек жолы XIV-XV ғасырларға дейін пайдаланылды. Ал кейін теңіз сауда жолының пайда болуына байланысты жібек жолы өзінің маңызын жоғалтып, өмір сүруін тоқтатты [4, 37].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

4. www.wikipedia.kz
12. www.orexca.com
13. www.baq.kz
14. М.Б.Әмірханов, Ө.Д.Сандықбаева, Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы: оқу құралы – Алматы: “Нұр-пресс”, 2007.

ӘОЖ 711.417.2 (510)

ҚЫТАЙДЫҢ ДӘСТҮРЛІ БАУ-БАҚШАЛАРЫ

Нығметова Мадина Орынбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Шәріпхан М

Жер шарында әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі бар. Әйткенмен, қытайдың бау-бақшаларын қытай халқының мақтанышы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл нағыз жеке мәдениетке жатқызуға болады. Атап айтқанда, мәдениет формасында қытай бағбандарының туындылары нағыз мәдениеттің туындыларымен салыстыруға болады.

中国古代园林 (Қытайдың дәстүрлі бау-бақшалары) – үш мың ғасырдай тарихы бар, ландшафттық сипаттағы стильдегі бау-бақша. Қытайдың дәстүрлі бау-бақшаларының стилі ерекше, басқаға ұқсас емес. Баубақшаның мақсаты адам өзін қытай бағында табиғаттың ажырамас бөлшегі ретінде сезуіне керек. Онда барлығы ерекше философияны, әр бөлшекті, тәуелді мағыналы жүктемені алып жүреді. "Бір уыс жер және бір қасық су шексіз ойлар туғызады"- деп жазады қытай авторлары. Қытай бағының негізгі элементтері - су, тас және өсімдік. Олардың әрқайсылары терең әлемнің мәңгі ұғымдарын, бейнелі өмірді бейнелейді. Қытайда өнерді құру мен бау-бақшаны өсіру әдісі жүз жылдан асып кетті. Еуропалық бағбандарға қарағанда, қытай бағбандарының бақша жайлы нақты геометриялық өлшемдер кездеспейді. Қытай баубақшалары табиғаттың әр түрлі үйлесімділігінің болуына байланысты салынады. Баубақшаға өнеріне байланысты тәсілдің болуы еуропалықтар үшін үлкен жаңалық болды. Қытай бақшаларын ұнатқан ағылшындар, Ұлыбританияда XVIII ғасырда пейзаждық стиль пайда болды. Баубақша табиғаттың бөлшегі ретінде жасалуы, тек Ұлыбританияда емес, сонымен қатар, бүкіл Еуропаға және қазіргі таңда өзіндік маңыздылығын жоғалтқан жоқ [1,152].

Жалпы айтқанда, қытай бақшаларының 6 түрі бар. Негізгі түріне солтүстік императорлық және оңтүстік отбасылық бақшалары болса, қосымша түріне ғалымдар, үй, ғибадатхана, шынайы пейзаж, императорлық мола мен парктік бау-бақшалар.

Солтүстік императорлық бау-бақша - толығымен бағбанның қолымен жасалған бақша. Оның жасалуына жасанды төбешік салу, өзара жалғастырылған арықтардың арасынан арнайы суайдын қазылады. Арықтардың жағасы көпірмен жалғастырылған. Сонымен қатар,

ағаш тоғайлары мен гүл алқаптары егіледі. Қазіргі таңда бау-бақша өнерінде жақсы сақталған, Бейжің қаласының маңында орналасқан «颐和园» бақшасын мысал ретінде келтіруге болады. «颐和园» Цин әулеті кезінде императорының жазғы демалатын бақшасы. Сондай-ақ, бұл бақшаны ЮНЕСКО-ның Адамзаттың Дүниежүзілік мұрасы ретінде 3000-нан астам ғимараттар парк тізімінде бар [1, 153].

«北海公园» бақшасы –Бейжіңдегі Тыйым салынған қаланың оңтүстік-шығысында орналасқан императорлық бақшасы болып саналады. [Ляо](#), [Цзинь](#), [Юань](#), [Мин](#) әулеттері билікте болған кезде және Цин әулетінің құлағанына дейін императорлық бау-бақшасы болған. 1925 жылы бұл бау-бақшасы халықтың пайдалануына берілген болған [2].

Оңтүстік отбасылық бау-бақшасы императорлық бау-бақшасымен салыстырғанда көлемі жағынан үлкен елес. Көбіне мұндай бау-бақшаларды табиғи ландшафты бар жерде салынған және өзгеріске қатты ұшырмаған. 苏州 қаласының «拙政园», «狮子林», «网师园» сияқты бау-бақшаларын мысал ретінде келтіруге болады. Айтылған бау-бақшалар демалысқа, ой-өрісі биік және қызу әңгімелесуге, ойға шомуға арналған бау-бақшалар болып саналады. Оңтүстік отбасылық бау-бақшаларға аясы тар көлдің үстінен өтетін көпіршіктер, окшау сәулет ғимараттар, табиғи тастардан жасалған құрылысы бар ерекшеліктер тән. Айтылған бау-бақшалары нағыз тыныштықтың, байсалдылықтың, татулықтың бесік жыры.

Ежелгі дәуірден бастап, қытай тарихи кітабында "Өлеңдер кітабында" бау-бақша қуанышы туралы жазылады. 1267 жылы Бейжіңде императорлық бақша екі жасанды көлмен салынған. Солтүстік теңізде (Бэйхай) Шығыстағы мифтік Пэнлай аралына ұқсас арал салынған. XVIII ғасырда тағы бір Ихэюан бақша-сарай салынған. Ихэюан бақша-сарайы құрылымына жасанды тау салынған. Императорлық және жеке бау-бақшалары V-VI ғасырларда екіге бөлінді. Императорлық бау-бақша әлем табиғатын суреттейтін болса, жеке бау-бақша көп көңілді бөлшектерге бөледі [2].

Мин дәуірі кезінде бау-бақша өнері әйгілі болды. Қоғамда бақшасы болмаған адам мәдениеті төмен саналған. Бау-бақшаларда көбіне кітап оқуға, сурет салуға, ойын ойнауға, музыкамен айналысуға, әдебиетшілер мен суретшілерді қарсы алуға ыңғайлы етіп салынған. Көркем жерлерді тамашалап өтетін орын осы бау-бақшалар болды. Кейбір әйгілі тұлғалар өлеңдер мен шығармаларда жазылған әйгілі бау-бақшаларды көруге, сапар шеккен.

Бау-бақша көптеген түрлерге бөлінуі Мин дәуірінде танымал бола бастады, яғни олардың құрылуы тиесілі адамның ұсыныспен жасалған. Бау-бақша суреті бейбітпен, ғылыми элиталық қадір-символы болды.

Бау-бақша өнерінде Қытай философиясы үлкен рөл атқарады. Еуропалық бағбан табиғат бейнесін басқа әлемге ауыстырмайды. Қытай бағбаны аспан және жер бейнесін жетілдіреді, сонымен қоса, өзін де жетілдіреді. Қытай ежелгі елестетуі бойынша, әлемді онтологиялық жағынан үш нәрсе құрайды. Олар: аспан, жер және адам. Адамның қызметі өнерде қалыптастырады. Қытай дәстүрінде адам аспандық табиғатының соңы. Бұл оның фантазиясы мен табиғаттың материалымен жұмыс істей алады. Мысалы, қытай бақшасының әдемі бөлігінің бірі – Тайху өзеннің түбінен алынған тастар. Олардың бейнесі құдіретті даосов калииграфиясына ұқсас.

Қытай бақшасын есемізге түсіргенде, фэн-шуйді ұмытпағанымыз жөн. Чжоу дәуірі кезінде, бақша мәңгі бақыт пен сәттіліктің нышаны. Қытай бақшасы Еуропа бақшасымен жұмсақ климатпен, азық-түлікпен және су молдылығымен, флора мен фаунасымен ұқсас. Кейінірек, императорлық бақшаларға әлемнің түкпір-түкпірінен жануарлар мен өсімдіктер, тастар әкелене бастады. Бірінші император Цинь Ши Хуан кезінде аспан елінің бау-бақшасына айналды: оның ландшафты жаңғыртылады және император бау-бақшадан шықпай елді билеген болатын. Бұндай бақша өзіндік қасиеттер болған деп сенген болатын. Хань әулетінің кезінде бау-бақша әлеуметтік мағынасы қосылады.

Император және жеке бақтары ынтымақтастық сипатта әзірленді, корольдік бақтар көптеген атрибуттары жеке көшіп: жасанды тау көлдер, тау жыныстары. Уақыт өте келе,

жұмақ прототипін ретінде бақ идеясы мифологиялық маңызын жоғалтты және таза көркем өрнектер алынған. Қытай бақшалары ерекше өткір сезімталдығымен көздейді [3].

Жалпы айтқанда, қытайдың дәстүрлі баубақшаларының жасалу әдісі табиғи сурет пен архитектуралық құрылыстың арасындағы үйлесімділіктің болуы. Бақшадағы құрылыстың қатары табиғаттың суретін негіз ретінде көрсете отырып, бірқалыпты болуы керек. Белгілі бір жағдайда бақша тұрғын үйдің жалғасы болса, бұл тек бір ақиқаттың белгісі, яғни адам мен табиғат мыңдаған ғасыр бойы екеуі өмір сүріп келе жатқан, бір бөлшекті құрап тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Общие знания по культуре Китая»[152,153 б.]
2. <http://tezister.net>
3. <http://kulturoznanie.ru>

ӘОЖ 392:[510+574]

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАҒАМ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЫРЫМ-ТЫЙЫМДАР

备注：本项目论文得到国家留学基金资助

Озатбекқызы Шынар

2291560112@qq.com

ҚХР Жун Ян ұлттық университеті Қазақ тіл әдебиеті мамандығының 3 курс студенті.

Ғылыми жетекші - Айтов Асет

«Ас - адамның арқауы» демекші астың адам өміріндегі орны өте жоғары. Адам денесіне қажетті энергиямен қамдап, қалыпты тіршілік етуін қамтамасыз етеді. Астың тағам құрамымен жасалу жолына қарай алуан түрі болады. Дәмі тіл үйретін тағамдар адам бойына нәр, ойына қуат беріп отырады. Халқымыз «ас үстінен аттама, астан үлкен емессін» деп астың адам өміріндегі рөлін өте жоғары бағалаған әрі өзінің құрмет-сыйын, дарқандығын, қонақжайлылығын кең дастарқан жайып, ас-тағамы арқылы білдіріп отырған. Бұл дара қасиет Қытай халқында да бар. Қытай халқы өзінің жақсы ниетін, достық көңілін білдіруде мол дастарқан жайып, ағынан ақтарыла қонақ қылады. «Отан отбасынан басталады» демекші, тіпті отбасы арасындағы мәселелер де дастарқан басында талқыланып, шешіліп фотырған. Тіпті ірі жиындар өткізгенде мал сойып, ас асылмай өткізілмейтін болған.

Екінші бір елдің мәдениетін түсіну ол елге деген құрмет, сол себепті екі ел қарым - қатынасында мәдениет айырмашылықтарына көңіл бөлу керек. Әр халықтың тағам мәдениетінде өзіндік тамақтану ерекшеліктері, тағамға байланысты ырым-тыйымдары болады. Бір елдің мәдениетімен таныс болмай тұрып, жақсы қарым- қатынас қалыптастыруға болмайды. Мақалада қытай және қазақ тағам түрлері, дастархан мәдениеті, мәдениеттің тоғысуы және тағам мәдениетіне байланысты ырым-тыйымдар туралы қарастырамыз.

Қазақ халқының ұлттық тағамдары: Халқымыздың тағам түрлеріне келсек, ең алдымен, айтылатыны нан. Нан- қазақ ұғымында астың басы, қасиетті, киелі ас [1, 19]. Көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданған халқымыз атам заманнан бері төрт түлік малды қазынасы етіп келгендіктен де, негізгі тағамдары - ет, қазы-қарта, жал-жая болды. Халқымыздың ең үлкен, әрі ең қадірлі қонаққа жасалатын сый-құрметі-малдың басын беру. Яғни, шамасының барынша мал атап сойып, мал басын жегізіп қайтарады. Сондықтан ертеректе халқымыздан атпал азаматтар, сом денелі батырлар шыққан, бұл әрине тағамның құнарына да байланысты болып келеді. Әрі қысы-жазы мал сойып, ұйтпегенде үйден ырыс кететіндей, құт-береке кететіндей санап, жыл бойы үйден ет үзбей отыратын болған. Қай қазақтың үйіне барса да ет пен бауырсақ үзілмейді.

Мереке – мейрамдарда ұлттық тағамдар дайындалады. Мәселен, халқымыздың ең үлкен мерекесі саналатын жыл басы Наурызда көже жасайды. Ет, тұз, қатық, ұн, арпа, бидай, тары,